



Тапсырма 1

1. Адамның ішкі «Мені» өзін қандай да бір ортамен қоршалған, оған енгендей және өзара әрекетке түскендей қабылдауы.

- ☐ Аппараттық құрал
- ☐ Көрнекілік
- ☐ Навигация
- ☐ Иммерсивтілік
- ☐ Инфографика

Тапсырма 2

Дұрысын таңда!

Виртуалды шынайылық пен кеңейтілген шынайылықтың негізгі бағыттары мен қызметтерін салыстыр



Бағыт	Қызмет
	Телефон камерасы арқылы шынайы әлемдегі мобильді ойындардағы нысандарды қабаттастыру.
	Нұсқауларды немесе әдістерді бейнелеу үшін телефон камерасын пайдалану.
	Қосымша мазмұн мен ақпаратқа қол жеткізу үшін телефон камерасы арқылы қызықты нысандарды тамашалау.
	Қарапайым тапсырмаларды орындауға көмектесетін қосымша шынайылықтың әсері (мысалы, сәлемдемеңізді орау үшін ең жақсы ораманы таңдау).
	Тауарды сатып алуда визуализациялауға мүмкіндік беретін онлайн сатып алуға арналған құралдар.
	Шынайы әлемдегі навигацияларға арналған бағыт-бағдарлар салу.

Бағыт	Қызмет
	Смартфон камерасы арқылы тұрғылықты жерің туралы пайдалы ақпаратты салу.
	Қолданушылармен бірге әрекет ету үшін нысандарды сканерлеу (мысалы, бренд тарихы, анықтама, нысанның тарихы).
	Телефон камерасын пайдаланып мәтін аудару.
	Жаңа ақпаратты меңгеруді қызықты ету үшін 3D модельдерін пайдалану.
	Достармен және отбасы мүшелерімен хабарласуда жаңа мүмкіндіктер беретін маска және GIF сияқты қосымша шынайылық әсері.


Тапсырма 3 Топтық жұмыс



1. Күнделікті өмірге виртуалды және кеңейтілген шынайылықтарды енгізу қаншалықты қауіпті екенін талқылаңдар.
2. «Виртуалды және кеңейтілген шынайылықтардың бағыттары» бойынша суретке өз пікіріңді білдір. Оған тағы не қосу керектігін айтып, сонан соң оны топта талқылаңдар.

ФС Тапсырма 4

Виртуалды «өмірдің» оң және теріс жақтарын салыстыр



Тапсырма 5

«Виртуалды ойынға деген тәуелділіктің алдын алу» тақырыбына постер жаса

Тапсырма 6

1. Зерттеу және ойын-сауық салаларында виртуалды технологияларды қолдануды дамытуға не кедергі болып тұр?
2. Білім беруде виртуалды және кеңейтілген шынайылықтарды қолданудың тиімділігі туралы өз ойыңды айт. Оқу үдерісін қызықты, тартымды ету үшін виртуалды және кеңейтілген шынайылықтарды қалай қолдануға болатынына ұсынысыңды жаса.
3. Ұсынылған схеманы қарастырып, өзара әрекеттесу технологияларын дамытудың келесі кезеңін

